



«Ақбота» бөбекжай
менгерушісі
Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
Тақырыбы: «Ойнайық та ойлайық»



Ересек топ «Ақбота»

Тәрбиеші: Г.М.Бесбаева

Шымкент 2022

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тобы: «Ақбота» Ортаңғы топ

Білім аумағы: Коммуникация, Таным, Шығармашылық, Әлеумет.

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту, ҚМҰҚ, Құрастыру, Сурет салу, Жапсыру, Қоршаған ортамен таныстыру.

Өтілетін күні:

Тақырыбы: «Ойнайық та, ойлайық»

Мақсаты: Балаларды ойын арқылы, табиғат туралы білімдерін тиянақтау. Жыл бойы алған білімдерін қызықты ойындар арқылы бекіту. Балаларды зейінділікке, тапқырлыққа, тез ойлау қабілеттерін арттыруға тәрбиелеу. Ойындар арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

Қажетті құралдар: Ағаш, күн, құстар, гүлдер, ақ қағаз, желім, тақта, тұзды қамыр, орамжапырақ

Алдын алу жұмыстары: Жұмбақ шешу, ертегі топтамасын көру.

Блингвалдық компоненттер: Күн - солнце, ағаш - дерево, құстар - птицы, гүл - цветок

Инклюзивтік әлеумет:

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері: Достыққа адал болсақ Армандар орындалар Көп білсе қайссы бала Керегін тауып алар Бірігіп іс істесе Бәрін де тауып алар -Балалар көңіл күйлерің қалай? -Мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, шешуін табуға дайынсыңдарма? Жұмбақ: Қыз келіп жасыл көйлекті, Сай саланы сөйлетті Құс біткенді сайратты Қар даланы жайратты -Балалар қай мезгілді сипаттап тұр? -Көктем мезілінде ауа райында қандай өзгерісатер болады? Балалар олай болса мына көңілсіз тұрған табиғатымызды көктем мезгілімен әсемдейік. Ол үшін алдымен : «Егерде не... болар еді» ойынын ойнайық. Егерде аспанда Күн болмаса не болар еді..	Балалар шеңберге жиналып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, өлең жолдарын бірге айтады. Тамаша -Ия.

**Ұйымдастыру -
ізденушілік**

-Дұрыс айтасындар балалар. Күн жылуын берсін десек, нұрын шашсын десек, мына көңілсіз болып тұрған табиғатымызды жандырайықшы. (күнді тақтаға жапсыру)
Ал балалар Күн көңілді болу үшін күнмен ойын ойнайық.



Д.о «Сандарды ретімен орналастыр»
Кәне балалар бейнеге назар аударайық.
Бұл жерде 1 ден 5 ке дейін сандар беріліпті.
Бірінші ретімен орналастырайық.



Бәрекелді балалар.Күніміздің көңіл күйі көтерілді. Ендеше ойынымызды жалғастырайық.

«Егерде ағаш болмасане болар еді?»



-Балалар ағашымыз көркейіп өссін,ағашымызды табиғатымызға орналастырайық.

- Балалар ағаштармен біз ағаштан жасалған «Жұлдызқұрт» ойынын ойнайық.
Ойын шарты: Бірдей пішіндерді жіпке тізіп шығу.

«Егерде біз күні бойы ойын ойнамасақ не істер едік»

-Көктем.

-Күн жылына бастайды,ағаштар бүршік жарады,құстар жылы жақтан ұшып келеді т.б

-Күн жылуын бермесе,суық болар еді,қараңғы, қорқынышты болар еді.

Ия әрине
Балалар бейнеге қарап сандарды айтып шығады.

Үстел үстіндегі сандарды ретімен қойып шығады.

-Құстарға ұя болмас еді,жазда көлеңке болмас еді,таза ауа болмас еді,желден бізді қорғамас еді.

-Балалар үстел үстіндегі бірдей пішіндерді жіпке тізіп шығады.



-Ішіміз пысар еді,бір-бірімізбен дос болмас едік,ештене қызықты болмас еді,денеміз шынықпас еді.




Ендеше бәріміз сергіту сәтін жасайық.
 Бір үйде біз нешеуіміз?
 Кел санайық екеуіміз.
 Бас бармағым -әкем
 Балан үйрек –анам
 Ортан терек –ағам
 Шылдыр шүмек-мен
 Кішкентай бөбек сен
 Бір үйде біз нешеуіміз
 Бір үйде біз бесеуіміз.
 Енді ойынымызды әрі қарай
 жалғастырамыз.
 «Егерде құс болмаса не болар еді»



-Балалар құстар бізге ертегілер елінен
 көптеген ертегілер топтамасын ала
 келіпті .Ондағы ертегілердің қай ертегі
 екенін тауып айтып беруіміз қажет екен.
 -Ендеше бейнеге назар аударайық
 -Бұл не?
 -Балалар бұл үй туралы қандай ертегіні
 білесіңдер?
 -Үйшікке бірінші не келеді?

-Балалар сендерге ертегілер топтамасы
 ұнады ма?
 Ендеше құстарымызға рахметімізді
 айтып табиғатымызды одан әрі
 жандандырайық.
 «Егерде гүл болмаса не болар еді»



Олай болса балалар,түрлі гүлдер
 топтамасын өз қолымыздан жасайық.
 -Балалар поездға мініп ,жол қысқарту
 үшін көңілді әнімізді айтайық.

-Балалар қимыл
 қозғалыспен сергіту
 сәтін жасайды.

Ағаштарды,өсімдіктер
 ді құрт құмырсқадан
 қорғамас еді,құстар ән
 айтпас еді.

(Слайд арқылы
 ертегілерді тауып
 айтып береді)

-Үйшік , Мақта қыз бен
 мысық,Шалқан

-Табиғат әдемі болмас
 еді,сұлулық болмас
 еді,араға бал болмас еді,
 жердің көркі болмас еді.

Бірлесе айтады.

Жабырқауды білмейміз,
Жалқаулықты сүймейміз
Біз талантты жас ұлан,
Үлгі аламыз жақсыдан
Шығармашылық;

1. Өткен сабақта дайындаған тұзды
қамырдан жасалған гүл күлтешелерін
тәрелкедегі ермексазға бекіту арқылы
гүлдер жасаймыз.



2. Гүлдің сабағы мен тозаңына, қағаздан
жасалған гүлдерді бекіту арқылы
құрастырамыз.



3. Картоннан мөрлеу арқылы қағаз
бетіндегі гүлдің сабағына, гүл бейнесін
қалдырамыз.



Жарайсыңдар балалар. Енді әдемі
гүлдерімізді табиғатымызға
орналастырайық.
Біз қандаймыз қандаймыз
Шұғылалы таңдаймыз
Күлімдеген күндейміз

-Балалар өз еріктерімен,
қиялымен гүлдерді
безендіріп шығады.

Балалар көңілдене
бірлесіп өлең жолдарын
айтады.

	Еш уайымды білмейміз -Енді қараңдаршы табиғатымыз қандай әдемі болды.Егер күн болмаса мынандай ағаштар мен гүлдер жердің көркі болмас еді.Құстарымыз ән салмас еді.Егер бұлардың барлығы болмаса табиғатымызда ,ешқандай тіршілік болмас еді.Ендеше табиғатымызды аялайық. Мақал: «Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.»	Бірлесе айтады
Жетекші жөндеуші	-Балалар бүгін біз не істедік? -Қандай ойындар ойнадыңдар? -Сендерге жасаған шығармашылықтарың ұнады ма? -Жарайсыңдар балалар.	-Жұмбақ шештік, табиғатымызды әсемдедік,күннің,ағаштың ,құстардың , гүлдердің ойындарын ойнадық ертегілерді еске түсірдік. -Ия.

Күтілетін нәтиже

Білу қажет:Табиғатқа қамқор болу керектігін,жыл мезгілдері туралы білді.

Қалыптасқан түсініктер:Өз бетінше тапсырманы орындау керектігін,гүлдерді түрлі әсемдеу түсініктері қалыптасты.

Орындаушылық қабілеті:Зейін,аңғарымдылық,ойлау қабілеттері артады,саусақ бұлшықеттері дамиды.

